Шалқия кенті бойынша қауымдастықтың
ХАТТАМАСЫ
№17

Шалқия кенті **« 19» 08 2025 жыл**

Қатысқандар:
Ғ.Ерахынов-кент әкімі,
Т.Иматаев-қауымдастықтың төрағасы,
Қоғамдық кеңестің мүшелері-4

К Ү Н Т Ә Р Т І Б І Н Д Е :

«Шалқия кенті әкімінің аппараты» КММ- Шалқия кенті Т.Сапарбаев көшесі бойындағы ескі балалар ойын алаңын ағымдағы жөндеу жұмыстарына-Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздер тәсілі арқылы сатып алу туралы.

Кент әкімі Ғ.Ерахынов, «Шалқия кенті әкімі аппараты» Шалқия кенті Т.Сапарбаев көшесі бойындағы ескі балалар ойын алаңын ағымдағы жөндеу жұмыстарын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу Заңының «16-бап 3-тармақ 28-тармақша егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу» заңдылығын пайдаланып келісім шартқа отыру жөнінде ұсынысын айтып, қауымдастықтан сұрады.

Шығып сөйлеп өз ойларын айтқан Т.Иматаев, Қ.Абжалов, Е.Жұмаділла, Ғ.Тұрмановтар болып к Шалқия кенті Т.Сапарбаев көшесі бойындағы ескі балалар ойын алаңын ағымдағы жөндеу жұмыстарына және заңдылыққа сәйкес болса қарсы еместіктерін білдірді.

Қауымдастық кеңесі қаулы етеді:

Шалқия қауымдастығы, «Шалқия кенті әкімі аппараты» КММ-сінде Шалқия кенті Т.Сапарбаев көшесі бойындағы ескі балалар ойын алаңын ағымдағы жөндеу жұмыстарына-Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздер тәсілі арқылы сатып алу арқылы келісім шартқа отырылсын.

Жиналыс төрағасы Т.Иматаев

Хатшысы Қ.Абжалов